

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидасын бекіту туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № 36/2 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 қаңтарда № 2527 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18 бабының 22) тармақшасына және 31 бабына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі № 49-ө өкіміне сәйкес, Шахтинск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Д.Т. Камеловке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі	А. Аглиулин	
Шахтинск	қаласы	әкімдігінің
2013	жылғы	23
№	36/2	желтоқсандағы
бекітілген		қаулысымен

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы қағида Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына сәйкес жасақталды және коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Өзінің бағуында және пайдалануында қараусыз қалған жануарлар болған адам өзінің бағуындағы жануарларды меншігіне алудан бас тартқан кезде олар қалалық коммуналдық меншікке түседі және осы қағиданы басшылыққа алып пайдаланылады.

2. Жануарлардың қалалық коммуналдық меншікке келіп түсу тәртібі

3. Жануарлардың қалалық коммуналдық меншікке келіп түсуі тапсыру-қабылдау актісі негізінде жүзеге асырылады. Тапсыру-қабылдау актісінде қалалық коммуналдық меншікке түсетін жануарлардың түрі, жынысы, түсі, жасы көрсетілуі тиіс. Тапсыру-қабылдау актісі жануарларды тапсырған тұлғаның, "Шахтинск қаласының ауыл шаруашылық және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ауыл шаруашылық бөлімі) және "Шахтинск қаласының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – экономика бөлімі) жауапты қызметкерлерінің қатысуымен жасалады. Тапсыру-қабылдау актісін экономика бөлімінің басшысы б е к і т е д і .

4. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін жануарларды қабылдау-беру актісі негізінде теңгерімге алу "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 Бұйрығымен жүзеге асырылады.

3. Қалалық коммуналдық меншікке келіп түскен жануарларды пайдалану тәртібі

5. Қалалық коммуналдық меншікке түскен қараусыз жануарларды мынадай тәсілдердің біреуімен пайдаланылады:

- 1) мемлекеттік заңды тұлғалардың балансына өтеусіз беру;
- 2) аукцион арқылы сату;
- 3) сауда ұйымдары арқылы сату;
- 4) жануарларды (ауыл шаруашылығы жануарлары мен үй құстарынан басқа) қорғайтын арнайы орындарға немесе жеке адамдарға өтеусіз беру.

6. Аудандық коммуналдық меншікке түскен жануарларды одан әрі пайдалану тәсілін әрбір нақты жағдайда аудандық әкімдіктің қаулысымен құрылған тұрақты комиссия шешеді.

4. Жануарларды бұрынғы меншік иесіне қайтару тәртібі

7. Жануарлар қалалық коммуналдық меншікке өткеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген жағдайда, осы жануарлардың бұрынғы меншік иесіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын

дәлелдейтін мән-жайлар болған кезде ауыл шаруашылық бөлімімен келісім бойынша айқындалатын шарттармен, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда - сот тәртібімен оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

8. Жануарларды қайтару бұрынғы меншік иесінің оларды бағуға байланысты шығынды жергілікті бюджет кірісіне өтегеннен кейін жүзеге асырылады.

9. Жануарлар бұрынғы меншік иесінен оларды қайтару жөнінде өтініш түскенге дейін сатылып кеткен жағдайда жануарларды сатудан түскен түсім немесе оның құны жергілікті бюджет есебінен өтеледі. Бұл жағдайда жануарларды бағуға байланысты жұмсалған қаржының мөлшері шегеріледі.

10. Жануарларды қайтару немесе оның құнын өтеу бұрынғы меншік иесі мен ауыл шаруашылық бөлімі арасында жасалатын келісім-шартпен рәсімделеді.